



Аудан орталығы – Чапаев селосының оңтүстікке қарай 30 км жерде орналасқан. Тұрғындар саны 1682 мың адам. Іргетасы 1963 жылы Куйбышев кеңшарының орталығы ретінде қаланды. Мерген ауыл округіне қарасты Горячкино (Мойылды), Жолоп ауылдары. Округке қарасты Орта, орталау және бастауыш мектептер бар, мәдениет үйі, 2 кітапхана, 1 модельді ауылдық кітапханасы, интернат, дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік акушерлік пункт.

Мерген ауылдық кітапханасы



Мерген ауыл кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 2-ші қабатында 160 кв.м көлеміне орналасқан.



Мерген ауыл кітапханасы 1932 жылы «оқырман үйі» болып ашылды. Мұндай оқу үйлері ол кезде Ілбішін аудандық халық ағарту бөлімінің құрамында болды. Алайда, бүкіл елдегі көкейтестің мәселелердің бірі-сауатсыздық пен күрес болды. Сол жылдары оқырман үйінің жанынан сауат ашу мектебі жұмыс істеді. «Советская степь» сауат ашу мектебі ауыл колхозшыларына, орман қызметкерлеріне, сүт тартып май шығаратын, астық қабылдайтын кәсіпорын қызметкерлеріне, жетім балалар тәрбиелейтін балалар үйіне, жеті жылдық мектеп оқушыларына, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетті. Сол мезгілде оқырман үйінде газет-журналдар, үгіт - насихат кітапша басылымдары болды. Ол кездегі кітапханашылардың басты мақсаты – социалистік құрылысты дамыту және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу, елді сауаттандыру еді. Ұлы

Отан соғысынан кейін оқырман үйінде **Сутягин Константин Павлович** киномеханик қызметін істей жүріп, оқырман үйінің меңгерушісі болған.

1948 жылдан Мерген ауыл кітапханасында Зрячкина Н.Я. қызмет атқарған. (*мәдени ағарту жұмыстары бөлімінің №14 бұйрығы*)

1954 жылы Мерген клубы жанындағы оқырман үйінде 500 ден астам кітаптар, негізгі басылымдардан қоғамдық-саяси, экономикаға және өз бетімен білім алуға арналған оқулықтар болған. Куйбышев атындағы колхоздың механизаторларына, малшыларына, егіс басындағы қостарға қызыл бұрыштар ұйымдастырып **«Молния»**, **«Экран соревнования»**, **«Сегодня впереди»**, **«Құрмет тақтасы»**, **«Астық үшін»** деген қабырға газеттер мен үнпарақтары шығарылып, саяси-ағарту үгіт-насихат жұмыстары жүргізілген.

1954 жылдан бастап Мерген клубы жанындағы оқырман үйінде **Сапаров Байзолла** қызмет істеді. Ол кезде кітапхана мәдениет бөлімінің қарауында болды. Кітапханашы егін және қос бастарына барып қызыл бұрыштар ұйымдастырып, социалистік жарыстардың үн қағаздарын шығарып, егіншілерге, малшылар мен қойшыларға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Сапаров Байзолла үгіт-насихат жұмысын жоғары дәрежеде жүргізгені үшін Бүкілодақтық профсоюздың «Құрмет грамотасымен» марапатталды, облыстық және аудандық грамоталардың иегері.

1971 жылы 7 қыркүйек айынан (*Бұйрық 52 пр.4*) **Сердюкова Нина /Ларшина/** Семейдегі Абай атындағы кітапхана техникумын бітіріп жолдамамен Мерген ауылдық кітапханасында алғашқы жұмысын бастап істеді. Кітапхана ашылғанда кітап қоры 1200 данадан 2915 данаға дейінгі әдебиеттермен толықты.

1973 жылдан бастап кітапханада **Портнова Люба /Бородкина/** қызмет істеді. Сол жылдарда кітапхана жаңадан салынған кітапхана үйіне көшті.

Кітапханада кітап қоры 5000 дана, 320 оқырман болған. Куйбышев атындағы совхоздың партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарымен, орта мектеппен, клубпен біріге отырып саяси ағарту және көпшілік мәдени шара жұмыстарын жүргізіп отырды.

1976 жылдың қазанынан бастап ауыл кітапханасында **Қаратаева Зоя Асылбекқызы** қызмет істеді. Кітап қоры 7600 дана, 460 оқырман болды

1978 жылдың сәуір айына дейін кітапхана Мерген ауылдық кеңесіне қарады. сәуір айынан бастап аудан ішінде кітапханалардың жұмысын жүйелеу, кітапхана саласының жандануы кітапханашыларға жаңа бағыт бағдар берді. Осы бағытта Мерген ауыл кітапханасы Чапаев орталықтандырған кітапхана жүйесіне еңгізілді.



1979 жылдың 10 қыркүйегінен бастап **Сұлтанғалиев Таукен Ташенұлы** кітапханашы болып қызмет істеді.

1981 жылдан бастап Мерген ауылдық кітапханасы «Үздік кітапхана» атағын

жеңіп алды, аудан көлемінде «Озат тәжірибе» мектебі орталығына айналды.

Кітапхана базасында аудандағы кітапхана қызметкерлері үшін «Кітапхана-ақпарат, білім, мәдениет ошағы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді, аудандық «Кітапханадағы библиографиялық ресурстар: мәселесімен негізгі даму бағыттары кеңесінде», «Библиография және өлкетану» тақырыбында, «Кітапханашы және оқырман; қазіргі кезеңдегі қарым-қатынас негіздері» тақырыбындағы облыстық зерделі кеңесте өзінің іс-тәжірибесімен алмасты.

1979 жылы Мерген ауылдық кітапханасында кітап қоры 7600 данадан, 4500 дана кітап қорына дейін азайды. Себебі кітапханадан тозығы жеткен, саяси мәні өзгерген заман талабына сәйкес келмейтін әдебиеттерден тазартылып қордан шығарылды.



1981 жылы Чапаев ауданы бойынша Мерген ауылдық кітапханасы «**Үздік кітапхана**» байқауының жеңімпазын жеңіп алды.

1981 жылдың 30 қаңтарында Социалистік міндеттемені КПСС тің ХХҮІ съезі мен Қазақстан

компартиясының ХҮ съезі шешімдерін орындаудағы жеткен жетістіктері үшін Куйбышев атындағы совхозындағы Мерген ауылдық кітапханасының кітапханашысы Сұлтанғалиев Тәукен

«Құрметграмматасымен» марапатталды.

«1981 Почетная гармота Мергеневский филиал Чапаевской ЦБС за активное участие в проведении культурно массовых мероприятия посвященных 110 летию со дня рождения В.И.Ленина, 35 летию Победы, 60 летию КАЗ ССР и компартии Казахстана и за выполнение принятых социалистических обязательств за 1980 г.»

1982 жылдың тамызында Мерген ауылында «**Ауыл кітапханалар кітапханалық-библиографиялық жіктеуге көшіру және алфавиттік, жүйелік каталогтармен жұмыс істеу**» бағыттары



бойынша Н.К.Крупская атындағы универсалды ғылыми облыстық кітапханасының ұйымдастыруымен облыстық аймақтық семинар бес ауданның қатысуымен өтті.



«1983 февраль Почетная грамота. Мергеневский филиал Чапаевской ЦБС пос Мергенево за доступные успехи в библиотечном обслуживании трудящихся и высокие показатели в социалистическом соревновании в честь 60 летию образования СССР»

«Почетная грамота.1984 жылы Мергеневский филиал Чапаевской ЦБС за доступные творческие успехи и выполнении социалистических обязательства третьего года XI пятилетки»



1985 жылы қазанында Мерген ауылдық кітапханасында **«Жасөспірімдер мен мектеп оқушыларына патриоттық интернационалдық тәрбие беру»** бағытында аудандық семинар өтті.

1986 жылы Мерген ауылдық кітапханасы Чапаев ауданы бойынша „Үздік кітапхана,“ атағын жеңіп алды.

1986 жылы февраль айында Қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгереева Мерген ауылында болып, кітапхана оқырмандарымен кездесті. Сол кезде ақын журнал бетіндегі мақаласына өз қолтаңбасын қалдырды

«Куйбышев совхозы оқырмандарына бақыт тілеймін».



1987 жылы қазан айында Қазақстан Компартиясының және облыс аралық тексеру болды, соның қортындысы бойынша кітапхана жұмысына жоғары баға берілді.



1988 жылы Қазақстан Компартиясы Чапаев аудандық партия комитетінің «Өз мамандығының озаты» атағы беріліп, «Алғыс хатымен» марапатталды.

1988 жылдың 4 ақпанда Мерген ауылдық кітапханасына КПСС Орталық бақылау және тексеру комиссиясы келіп, кітапхана жұмысын тексерді.

Тексеру қорытындысы бойынша кітапханаға жоғары баға берілді.



1989 жылы желтоқсанында **«Кітапхананың еңбек коллективіне көмегі»**/Орал облысы Чапаев орталықтанған кітапханалар жүйесі Мерген селолық кітапханасының іс-тәжірибесінен/атты Қазақ ССР А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы әдістемелік кітапша шығарды.

1989 жылы 8 маусымда Мерген ауылдық кітапханасында **«Агроөнеркәсіптік комплекстің мамандарына кітапханалық информациялық қызмет көрсету жұмыстарын жетілдіру»** тақырыбында аудандық семинар өтті.



1989 жылы Мерген ауыл кітапханасының меңгерушісі Сұлтанғалиев Т.Т игілікті еңбегі өз нәтижесін беріп **« КСРО-ның мәдениет саласының үздігі»** белгісімен марапатталды.

1990 жылы Мерген ауыл кітапханасы Мәдениет Министрлігінің **«Құрмет грамотасымен»** марапатталды.



1991 жылдың 15 қаңтарынан бастап кітапхана ауыл кітапханаларына әдістемелік көмек көрсету орталығы болуына байланысты екінші кітапханашы **Қажығалиев Нұртай Сақтайұлы** жұмыс істеді.

Нұртай Сақтайұлы аудандық «Дарын дала» ,«Үздік қосымша білім беру педагогы » байқауының жеңімпазы.



Аудандық «Тұғыры биік-Қазақстан» атты көрмеден живопись І орын, графика бойынша ІІ орын жүлдегері атанды.

Облыстық қосымша білім беру педагогикалық байқауында жүлделі екінші орынды иеленді

1991 жылдың шілді айында облыстық А.П.Гайдар атындағы балалар және жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен **«Жасөспірімдерге және мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде кітапхананың алатын орны»** тақырыбымен облыстық семинар өтті.

1998 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасының



I кітапханашылар съезінің делегаты болып ауыл кітапханашылар арасынан Мерген ауыл кітапханасының кітапханашысы Сұлтанғалиев Тәукен Тәшенұлы қатысып қайтты. (суретте)



2001 жылы Мерген ауыл кітапханасының меңгерушісі Қазақстан Республикасының атағымен марапатталды.

«Мәдениет қайраткері»



2001 жылы Мерген ауылдық кітапханасы жанынан **«Саяжай»** мүдделестер клубы жұмыс істей бастады. Жастарды өлкетану бағытына қызығушылығын оятып, туған өлке өсімдіктерін танып-білуге, бау-бақша, бөлме өсімдіктерін өсіре отырып еңбекқорлыққа, эстетикалық сүйіспеншілікке тәрбиелеу жұмыстарын жүргізеді.

«Саяжай» мүдделестер клубының мүшелеріне гүлді өсімдіктер раушан, қана гүлдерін күтіп баптаудың әдістерін түсіндіру сәті. (суретте)



2001 жылы **«Саяжай»** мүдделестер клубы Қазақстан Республикасы мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының директоры Дулат Исабековтың **«Алғыс хатымен»** марапатталды. 2003 жылы ауыл әкімі М.Иғазиев «Алғыс хатымен» «Саяжай» мүдделестер клубын марапаттады.



2001 жылы қыркүйек айында Қазақ ақыны Қадыр Мырза Әлі Мерген ауылында болып, кітапхананың оқырмандарымен кездесу кеші өтті. Ақын Қ.Мырза Әлі оқырмандарға өз қолтаңбасын қалдырды **«Ауылдың ағайындарымен Қадыр Мырза Әлі»**



2003 жылы Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы құрастырған **«Мамандығын мәртебелі еткендер»** атты кітапшаға Мерген

ауыл кітапханашысы Сұлтанғалиев Таукен Ташенұлы туралы жазылды. 1 басылым.



2004 жылдың 24 маусымында **«Кітапхана - ақпарат, білім, мәдениет ошағы»** тақырыбымен аудандық семинар өтті. Семинар барысында Сұлтанғалиев Тәукеннің озық тәжірибесі аудан кітапханашылар арасында дәріптеліп, «Озық тәжірибе баршаға» кітапшасы таратылды.



2004 жылы Сұлтанғалиев Тәукеннің аудан ішіндегі кітапхана саласындағы бұрыннан да еленіп, жұмысыны табыс тілей отырып Ақжайық ауданы әкімі Ш.Өтемісовтың **«Алғыс хатымен»** марапаттады.



2004 жылы шілде айында Педагогика ғылымының кандидаты, доцент

Оразахынова Нұрила Мерген ауылдық кітапханасында болып оқырмандарға кітабын сыйлап, қолтаңбасын қалдырды **«Мерген ауылының бай да, мәдениетті кітапханасы мен осы кітапхананың, ауыл мәдениетінің шын жанашыры Таукен Ташенұлына биік шығармашылық табыс тілей отырып, осы еңбегімізді сыйға тартамыз».**



2004 жылы Мерген ауылдық кітапханасы құрастырған «Бізбен қызмет ету сіздің табысыңыздың кепілі», «Кітапхана: кеше, бүгін» атты әдістемелік құрал жарыққа шықты.



Аудан бойынша 2005 жылдың қорытындысымен «Жылдың ең үздік кітапханашысы» атағын алды.

2003-2005 ауыл жылдарына орай Республикалық көлемде ұйымдастырылған «Үздік ауылдық кітапхана, клуб, мәдениет үйі» атты байқауға қатысып, Мерген ауыл кітапханасы Республикадағы Экология номинациясы бойынша

«Үздік ауыл кітапхана» атағына ие болды.

2005 жылдың қорытындысы бойынша көпшілік шара түрлеріне жаңа бағыт енгізген, Ел басының Жолдауын насихаттауда белсенділігі, кәсіби деңгейінің жоғарлығы үшін аудан бойынша «Ең үздік кітапханашы» атағын иеленді.

2005 жылы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен өткізген «Ауыл энциклопедиясы-Шағын Отан» байқауының бірінші кезеңіне қатысып ауыл тұрғындарының сырлы шежіресінен сыр шертер кітапша шығарды.

2006 жылы 9 тамызда «Саяжай» мүдделестер клубының мүшесі Сұлтанғалиева Жадыра Ибрагимқызы облыстық «Жас натуралистер» слетінде «Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктері» тақырыбы бойынша қорғап 1 дәрежелі «Дипломымен» марапатталды.



2006 жылы 22 қарашада Мерген ауылдық кітапханасы «2006 жылға арналған бағыттар мен міндеттерді орындаудың нәтижесіне байланысты Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Г.Т. Жұмақаяеваның «Алғыс хатымен», Ақжайық аудандық ОКЖ директоры Р.Мусағалиева, кәсіподақ комитетінің төрайымы Л.Акутинаның Кітапханашылар күніне арналған «Құрмет грамотасымен» марапатталды.



2006 жылы Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы құрастырған «Батыс Қазақстан облысының кітапханалары» атты жинаққа Мерген ауылдық кітапханасы енді.



2007 жылы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы А.Т.Батырханов пен Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының



директоры Г.Т.Жұмақаеваның «Алғыс хатымен» марапатталды.

Елбасының 2006 жылдың 30 наурызындағы жарлығымен бекітілген ҚР Үкіметінің 2006-2008 жылға арналған мәдениет саласын дамыту бағдарламасы аясында кітапхана қорының электронды мәліметтер базасын, Қазақстанның бірыңғай компьютерлік жүйесін жасау, кітапханааралық абонемент және құжаттарды электронды жеткізу шаралары республика көлемінде жоспарланып, осыған қоса, ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің 2006 жылдың 30 қараша айындағы №376 бұйрығында «2007-2009 жылдары ҚР кітапханаларын модернизациялау» бағдарламасын жүзеге асыруда 2007жылы Мерген ауылдық кітапханасын модельдік кітапханаға айналдыру үшін аудандық бюджеттен қаражат бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар кітапханаға жаңа технология жабдықтары компьютер, скайнер, модем, телевизор және жаңа дизайнмен жасалған кітапханалық жиһаздар берілді.



2007жылдың 27 шілдеде Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен

Мерген ауылында «Кітапханаларды модернизациялау кітапхана ісіндегі жаңашылдықты дамыту» атты облыстық зерделі кеңес өтті.



Зерделі кеңес аясында «Ер есімі-ел есінде» даңқ ескеркішіне гүл шоғын қою сәті.

Мерген модельді ауылдық кітапханасының ашылу сәті. (суретте)

Облыстық Ж.Молдағалиев атындағы ғылыми-әмбебап кітапхана директоры Жұмақаева Гүлжан Төлегенқызы, соғыс және еңбек ардагері Катин Бақтыгерей, аудандық әкімнің орынбасары Жұматова Мензипа Дүйсенбайқызы, еңбек ардагері Пендебаева Майнұр Мұханбетқызы.



Лента қию сәті.

Зерделі кеңес аясында Мерген ауылдық кітапханасы облыс бойынша 2-ші модельді ауыл кітапханасы болып ашылып, «**Модельді ауыл кітапханасы**» статусы беріліп, төлқұжат тапсырылды.



2007жылдың 1шілдесінен модельді ауыл кітапханасы болуына сай екінші кітапханашы **Ермұханова Ләззат Бауыржанқызы** жұмысқа алынды.



Ермұханова Л.Б шолу жасау үстінде.

«Ең үздік оқырман» ретінде танылған Қайсағалиев Аманғалидың «Өнер жолы үлгі болар жастарға» атты көрмеге кітапханашы

2007жылы 27шілдеде Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы А.Т.Батырханов пен Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхананың директоры Г.Т.Жұмақаеваның «**Алғыс хатымен**» Мерген ауыл кітапханашысы Т.Т.Сұлтанғалиев марапатталды.



2007 жылы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы мен Ақжайық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі құрастырған «Мамандығын мәртебелі еткен жан» /Озат тәжірибе баршаға/ «КСРО-ның мәдениет саласының үздігі», Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» Мерген ауылдық кітапханасының меңгерушісі Т.Сұлтанғалиевтің іс-тәжірибесінен атты облыстық кітапхана ісін дамыту бөлімі мен аудандық әдістемелік бөлімі ұйымдастыруымен әдістемелік құрал жарыққа шықты. 3 басылым



2007 жылы 26 қыркүйекте өткен аудандық «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша Абайдың «Қара сөздерін» оқуда, насихаттауда Аманғалиев Жәнібек Мұханбетжанұлы жүлделі ІІІ орын иеленді.



Мерген модельді ауылдық кітапханасы әлі де аудан бойынша әдістемелік орталық болып, кішігірім ауылдық кітапханаларға әдістемелік, анықтама библиографиялық көмекші құралдар, тізімдер дайындап таратып отырады.



Жолап ауылдық кітапханасы.

*Жолап ауылдық кітапханасы
бұрынғы мектеп ғимаратының
60 кв.м. көлеміне орналасқан*

Жолап ауылы бұрын «Малый Железнов» аталып, тұрғын халыққа мәдени рухани орталық жұмысын атқаратын «оқырман отауы» 1950 жылдары ашылды.

1955 жылы мәдени ағарту жұмысының дипломы бар А.Салиев осы ауылдық кітапханаға мәдениет бөлімінің № 157 бұйрығы кітапханашы қызметіне қабылданды.

Кітапхананың кітап қоры аудан ішіндегі кітапханалардан дублетті әдебиеттерден жиналып және аудандық кітапхана арқылы кітаптар түсіп тұрды. Сол жылдарда 3,5 кітап қоры болған.

1961-1970 жылға дейін Малый Железновтағы оқырман отауының кітапханашысы болып **Ильясов Аманғали** қызмет атқарған. Заман ағымына қарай насихат жұмыстарын сауатты өткізіп келе, 1969жылдың ел өміріндегі елеулі оқиғаларының бірі- В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген шаралар болды. Одан ауыл кітапханасы да шет қалған жоқ, көсем мерейтойына байланысты кітап көрмелерін, тақырыптық кеш, дауыстап оқу, жиналысқа баяндама даярлау жұмыстарын да жүргізді

1970 жылдың 10 тамыз айынан бастап (*Бұйрық № 50 пр.8*) **С.Утепбергенова** кітапханашы қызметін атқарған.

1972 жылдары мәдениет бөліміне қарасты «Қызыл үй» кітапхана қызметін атқарған **А. Есенғазиева** сол кезде ауыл тұрғындарына насихат жұмыстарын сауатты жүргізіп, елді мекендерге жылжымалы кітапхана ұйымдастырып отырған. Барған жерге кино қою жұмыстарында атқарған. Себебі, ол кезде кітапханашы, киномеханик, насихатшы жұмыстарын бір қызметкерге жүктелді.

1979 жылы 27 қараша ОКЖ ның № 17 бұйрығы бойынша **Усахова Асылғаным** Жолап ауыл кітапханасына кітапханашы қызметке алынды.

1988-1992 жылға дейін Жолап ауылдық кітапханасында **Исеева Болған (Жайтуғанова)** қызмет атқарған.

Бұл уақыт қайта құру уақыты. Қайта құру қоғамдық өміріміздің барлық саласын жаңартып, жетілдіруді талап етті. Соның ішінде кітапхана жұмысын қайта құру- сан қырлы процесс. Соның негізгілерінің бірі кітапханалардың кітап қорын жаңарту болды, дегенмен бұл бағытта тек қордан мазмұны ескірген әдебиеттерден тазарту жұмыстары ғана жүрді, кітап қорын толықтыру жұмысы баяу жүрді.

1997 жылдан Мерген ауыл округіне қарасты Жолап ауылында шаруа қожалықтары, мектеп, аурухана жұмыс істей бастады. Сонымен қатар осы жылдары кітапхана ашылып Бударин ауылдық кітапханасынан – 500 кітап, Лбішін ауыл кітапханасынан 1000 кітап бөлінді, шопандарға, алыс топаларға, егіншілерге кітап насихаттау жұмыстары жүргізілді, ауыл тұрғындары газет-журнал,кітап оқып еліміздегі барлық болып жатқан жаңалықтармен танысып отырды.

1992 жылдың қараша айынан бастап кітапханашы қызметін **Усахова Сұлушаш** бастап істеді, әлі күнге дейін кітапхана қорын жинастырып, оқушыларға, мамандарға түрлі тақырыпта көпшілік шаралар жүргізіп отырады.

Мойылды ауыл кітапханасы



*Мойылды ауыл кітапханасы
ауылдық клуб ғимаратында 40 кв. м
көлеміне орналасқан*

Алғаш аудандық оқу бөлімі ашылғаннан бастап Горячкин ауылында сегізжылдық мектеп болды. Ол кезде мектептермен қатар кітапхана «оқу үйі» Ілбішін аудандық халыққа білім беру бөліміне қарады. Кітапхананың басты жұмысы елдегі сауатсыздықты жою бағытындағы жұмыстарды жүргізу, бұл бағытта мектептің жанынан сауат ашу мектебі де ашылды.

Ауданның білім беру жүйесінде 1943 жылы жүзеге асқан бұрын-соңды болмаған елеулі уақиғалардың бірі- 20 наурыз, 10 сәуір аралығында 1926,1927 жылы туған ұл балаларды арнайы әскери жаттығу пункттерінде алғашқы даярлықтан өткізу жұмыстарының басталғаны, ондай жаттығу пункті Горячкин ауылында ұйымдастырылды.Бұл жерде бұндай ауыл өзгерістеріне әрине кітапханашы бірінші болып жаршы, насихатшы.

1950 жылы 3 қараша айынан бастап **С.Ларшина** Горячкин ауылындағы оқырман үйінің меңгерушісі қызметін атқарып, ауыл тұрғындарының сауатын ашу бағытында жұмысын жандандырып, мектеп жанынан ашылған сауат ашу мектебімен де бірлесіп қызмет атқарды.

1951 жылы 23 маусым айынан **Таниева Ханым** мәдениет бөлімінің №20 бұйрығы негізінде оқырман үйінің кітапханашысы қызметіне алынған.

1952 жылы **Мухаев Агрепина** мәдениет бөлімінің №37бұйрығы негізінде аталған ауылдың кітапханашысы болып жұмысқа қабылданды.

1954 жылы 26 сәуір айынан бастап (Бұйрық № 29 пр.2) оқырман үйіне **Шумилина В. П.** қызметке қабылданды.

1953 жылы Горячкин ауылындағы оқырман отауында кітапханашы болып **Омарғалиев Сиғуат** қызмет атқарды. Ол кезде оқырман отауы аудандық білім беру бөліміне қарады. Горячкин ауылында жетіжылдық мектеп болды, мектеп базасында «ауыл жастарының мектебі»-«школа сельской молодежи»- ашылды. Ол кезде насихат жұмысы «еліміздің коммунизмге бірте-бірте өту жолдарын белгілеп берген» партияның ХІХ съезі шешімдерімен тығыз ұштастыра жүргізу талап етілді. Барлық аудан тұрғындары сияқты, ауыл кітапханашысыда бесінші бесжылдықтың міндеттерін орындау үшін сүбелі үлес қосуға жұмылды. Саяси сауатты, ой-өрісі кең кітапханашы Сиғуат ағай облыс орталығындағы насихатшылардың қысқа мерзімдік курсынан өтіп, И.Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін бұқараға түсіндіруге атсалысты.

1953 жыл- қоғамымызда өзара сезіктену тұманы сейіле бастаған, адамдар бір-біріне, ертеңіне сеніммен қарайтын ахуал орнаған, қызыл қуғынның ызғары келмеске кетіп, ел өмірінде демократиялық өзгерістердің жылы лебі ескен жыл болды. Ол әрине, ауыл тұрғындарының мәдени өміріне өз септігін тигізді. Ауыл адамдары кітап оқуға, кейбіреулері қара тануға ден қойып, ал кітапханашы осындай жұмыстардың басы-қасында, еліміздегі жаңалықтарды сауатты насихаттап жұмысын жандандыра білді.

1954 жылы маусым айында аудан пионерлерінің кең көлемде ұйымдастырған алғашқы слеті өтті. Әрине, бұған дейін де аудан орталығында пионер ұйымының аудандық жиыны болып келген. Алайда, мұндай 160 тан астам оқушылар мен 50-ге жуық мұғалім, аға пионер вожатыйлар қатысты. Слетті Совет Армиясының поковнигі Костенконың қатысуымен пионер костерін жағу, патриоттық әндер, өлеңдер айтумен аяқталды. Бұл шара оқу бөлімінің ұйымдастырған ең есте қаларлық, тәрбиелік мәні зор оқиғалардың бірі болған десек қателеспейміз. Бұндай ауқымды шара ұйымдастыру ауыл кітапханашысысыз өтпейтіні белгілі, Осы бағытта пионердің тарихы, республика бойынша жас жеткеншектердің өмірге қосып жатқан үлестерінен сыр шертер кітап көрмесін ұйымдастырған болатын. (Сиғуат ағайдың айтуы бойынша)

1957 жылы Чапаев ауылдық советінің атқарушы комитетінің

«О перемещени культурно-просветительской учреждений» шешімі негізінде Сахарный ауылындағы кітапхананың кітап қорын Горячкин ауылындағы кітапханаға қосып, Горячкин ауылындағы кітапхана меңгерушісі С.Умарғалиев тағайындалды. (Аудандық мәдениет бөлімі 1957 жыл 25 маусым № 83 бұйрық)

1970 жылдың 10 тамызынан бастап (Бұйрық № 50 пр.7) Горячкин кітапханасында **Ильясов Аманғали** қызмет атқарған .

1978 жылы аудан ішіндегі бірқатар кітапханалар орталықтандырылып, Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрамына филиал болып енгізілді. ОКЖ-нің бұйрығы бойынша Горячкин филиалына

Ильясов Аманғали меңгеруші болып тағайындалды. Бұл кезде кітапхана саласы республика бойынша дамып, кәсіби деңгейде қызметтік жұмыстарын жүргізу қолға алынған уақыт болатын. Кітапханада қорды жинастыру, каталог ұйымдастыру, оқырман оқуына басшылық жасау жұмыстарын жүргізуді Аманғали ағай әріптестері арасында озық түрде атқарған.

1980 жылдың қорытындысы бойынша Жылдық жоспарын асыра орындағаны үшін марапатталды.

Сонымен қатар, «Учасов», «Ларшин», «Тасқұдық», «Большой путь», «Шығанақ» елді мекенінде жылжымалы кітапхана бөлімдері жұмыс істеді. Пішен қостарына, егін орағында, күзгі жер жыртуда, қырман бастарында «Молния» қабырға газеттері шығарылып, әңгіме, лекция, пікір алмасулар мен кітап көрмелері, газет-журналдарға шолулар жасалынды. Облыста, ауданда «Куйбышев» совхозында істеген енбегі ескеріліп мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтар берілді.


Қазақстан Республика Президентінің – «2000 жылда Мәдениетті қолдау жылы деп атау туралы» Жарлығына орай аудан халқына мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, рухани қажетін өтеу мақсатында: «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдар» Заңының 46 бабын басшылыққа алып, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша Ақжайық ауданы әкімі А.Б.Сәтбаевтың 2000 жылдың 13 қыркүйегінде № 174 шешімімен Горячкин ауылдық кітапханасы ашылды.

2000-2001 Қонысов Амантай ауылдық кітапханасында қызмет атқарған.


2006 жылдың 8 маусымында №169 аудан әкімінің шешімімен Мерген ауыл округінің Горячкин ауылының атауы өзгеруіне орай Мойылды ауылдық кітапханасы болып өзгертілді.

2001-2008 **Сарбупиева Балзия Қаменқызы** кітапханашы қызметін атқарған.

2008 жылдан ауыл кітапханасында **Амандосова Меңсұлу Қонысқызы** арнаулы орта білім маман қызмет атқаруда. Кәзіргі таңда кітапханада 12 атау санымен мерзімді басылым, кітап қоры 10573 данаға жетіп отыр. 2008 жылы аудан ішіндегі кітапханашылар байқауында жүлделі І-ші орынға ие болды.



Мерген ауыл округіне қарасты 1985-2007 жылдар аралығында оқырмандар және кітап қорының орташа есеппен көрсеткіші



Мерген ауыл округіне қарасты 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылымдар көрсеткіші.